

АСТАНА ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІ



МЕЖДУНАРОДНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ АСТАНА

«БЕКІТЕМІН»

**Астана халықаралық
университетінің қабылдау
комиссиясының төрағасы**

А.Б. Мырзағалиева

« 26 » 05 2026 ж.



**«6B014 Жалпы дамудың пәндік мамандандырылған мұғалімдерін
даярлау» білім беру бағыты бойынша (6B01401 «Музыкалық білім беру»
білім беру бағдарламасы) оқуға түсетін талапкерлерге арналған
шығармашылық емтихан
БАҒДАРЛАМАСЫ**

Астана қаласы, 2026 ж.

Шығармашылық емтихан бағдарламасы «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидалары» негізінде «6B014 Жалпы дамудың пәндік мамандандырылған мұғалімдерін даярлау» білім беру бағыты бойынша (6B01401 - «Музыкалық білім беру» білім беру бағдарламасы) бойынша түсушілер үшін жасалды, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 600 бұйрығы, Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылы 31 қазанда № 17650 болып тіркелді, Астана Халықаралық университетіне оқуға қабылдаудың үлгі ережесі негізінде.

Шығармашылық емтихан бағдарламасы педагогикалық институт отырысында талқыланды, 14 мамыр 2026 ж., хаттама №6.

Педагогикалық институт директоры Ахмадиева Ж.К. 

Шығармашылық мамандық кафедрасының меңгерушісі Жанайхан Е. 

ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА

Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгі қағидаларына сәйкес, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 600 бұйрығы, Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылы 31 Қазанда № 1765 тіркелген, «6B014 Жалпы дамудың пәндік мамандандырылған мұғалімдерін даярлау» білім беру бағыты бойынша түсетін талапкерлер шығармашылық емтихан тапсырады.

1. Шығармашылық емтихан қабылдау және өткізу тәртібі

1.1 Шығармашылық емтиханды ұйымдастыру және өткізу үшін Астана халықаралық университеті президентінің немесе оның міндетін атқарушы тұлғаның шешімімен емтихан өткізу кезеңіне емтихан комиссиясы құрылады.

1.2 Комиссияның құрамына профессорлық-оқытушылық құрамның қатарынан ЖОО өкілдері, «Жалпы дамудың пәндік мамандандырылған мұғалімдерін даярлау» даярлау бағыттары бойынша шығармашылық емтихандар жөніндегі комиссияның құрамына тиісті бейінді білімі бар және мәдениет және спорт саласындағы жергілікті уәкілетті орган ұсынған адамдар да кіреді. Емтихан комиссиясының құрамына апелляциялық комиссияның мүшелері кірмейді.

1.3 Комиссия тақ саннан тұрады және комиссия мүшелерінің көпшілік дауысымен комиссия төрағасы сайланады. Комиссияның шешімі, егер отырысқа оның құрамының кемінде үштен екісі қатысса, заңды деп есептеледі. Комиссияның шешімі емтиханға қатысушылар санының көпшілік дауысымен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

1.4 Шығармашылық емтихан тапсыру үшін түсушілерден өтініштерді қабылдау ЖЖОКБҰ-да күнтізбелік жылғы 20 маусым мен 10 тамыз аралығында жүзеге асырылады. Шығармашылық емтихан күнтізбелік жылғы 7 шілде мен 15 тамыз аралығында өткізіледі.

1.5 Жалпы орта, техникалық және кәсіптік немесе орта білімнен кейінгі білімі туралы құжаты бар, шығармашылық дайындықты талап ететін жоғары білімнің білім беру бағдарламаларына түсуші адамдар **екі шығармашылық емтихан** тапсырады.

1.6 Шығармашылық дайындықты талап ететін, жоғары білімнің білім беру бағдарламалары тобына оқуға түсуші адамдар өздері таңдаған университетінде шығармашылық емтиханды тапсырады.

Шығармашылық дайындықты талап ететін, жоғары білімнің білім беру бағдарламалары тобына түсетін орта немесе техникалық және кәсіптік,

орта білімнен кейінгі білімі бар адамдар үшін Қазақстан тарихы, оқу сауаттылығы (оқу тілі) бойынша балдар ескеріледі.

1.7 Шығармашылық емтихан кестесін (емтиханды өткізу нысаны, күні, уақыты, емтихан тапсыру орны, консультациялар) қабылдау комиссиясының төрағасы бекітеді және құжаттарды қабылдау басталғанға дейін оқуға түсушілердің назарына жеткізіледі және университеттің сайтында жарияланады.

1.8 Шығармашылық емтихан өткізілетін аудиторияға (орынға) жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткенде жіберіледі.

1.9 Шығармашылық емтихандар бейне және (немесе) аудио жазбамен жабдықталған аудиторияларда (орындарда) өткізіледі.

1.10 Шығармашылық емтихан басталғанға дейін оқуға түсушілерге емтихан материалдары беріледі және титулдық парақты ресімдеу тәртібі түсіндіріледі, сондай-ақ шығармашылық емтиханның басталу және аяқталу уақыты, нәтижелерді жариялаудың уақыты мен орны және апелляцияға өтініштер беру рәсімі көрсетіледі.

1.11 Жалпы орта немесе техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім туралы құжаты бар оқуға түсушілер үшін шығармашылық емтихандар 50 балдық жүйе бойынша бағаланады.

1.12 Шығармашылық емтиханды өткізу қорытындылары бағалау ведомосымен, арнаулы емтиханды өткізу қорытындылары рұқсат беру ведомосымен, комиссияның еркін нысандағы хаттамасымен ресімделеді және қабылдау комиссиясының жауапты хатшысына (оның орынбасарына) нәтижелерді жариялау үшін беріледі.

Комиссия хаттамасына төраға және комиссияның барлық қатысқан мүшелері қол қояды.

1.13 Шығармашылық емтиханның нәтижелері емтихан өткізілген күні жарияланады.

1.14 Емтихандарды өткізу кезеңіне шығармашылық емтиханға қойылатын талаптарды сақтау, даулы мәселелерді шешу, тиісті емтихандарды тапсыратын адамдардың құқықтарын қорғау мақсатында әрбір университеттің басшысының немесе оның міндетін атқарушы тұлғаның бұйрығымен төрағасын қосқанда тақ саннан тұратын апелляциялық комиссия құрылады.

1.15 Апелляцияға өтінішті апелляциялық комиссия төрағасының атына шығармашылық емтихан тапсырған адам өзі тапсырады, ол шығармашылық емтихан нәтижесі жарияланғаннан кейін келесі күні сағат 13.00-ге дейін қабылданады, апелляциялық комиссия оны бір күн ішінде қарайды.

1.16 Апелляциялық комиссияның шешімі отырысқа оның құрамының кемінде үштен екісі қатысса, заңды деп есептеледі. Шығармашылық емтихан нәтижелерімен келіспеу туралы апелляция бойынша шешім қатысушы комиссия мүшелері санының көпшілік дауысымен қабылданады. Апелляциялық комиссия мүшелерінің дауыстары тең болған жағдайда, төрағаның дауысы шешуші болып табылады. Апелляциялық комиссияның

жұмысы төрағаның және барлық қатысушы комиссия мүшелерінің қолы қойылған хаттамамен ресімделеді.

1.17 Шығармашылық емтиханның қорытындысын шығармашылық емтихан аяқталған күні Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ұлттық тестілеу орталығының ақпараттық жүйесіне береді.

6B01401 «Музыкалық білім» мамандығына түсетін талапкерлер 2 шығармашылық емтихан тапсырады.

1-ші шығармашылық емтиханда талапкер орындаушылық шеберлігін көрсетеді, яғни, музыкалық аспапта немесе өз таңдауы бойынша вокалдық жанр бойынша (ән) 2 музыкалық шығарма орындайды.

1–ші шығармашылық емтихан бойынша ең жоғарғы балл – 50 балл.

Бағалау критерийлері

Балл	Талаптары
31-50	Мәтіні жатқа, эмоционалды, автордың ойын және стилін нақты жеткізу
21-30	Мәтіні жатқа, мәтінінің 2-3 қатесі болуы мүмкін, эмоционалдығы орта деңгейде
11-20	Мәтіні жатқа, бірақ эмоционалды емес, шығарманың стилін көрсете алмауы мүмкін
0-10	Мәтіні толық жатқа білмеуі, эмоционалдығының болмауы

2-ші шығармашылық емтиханда талапкер жалпы музыкалық шеберлігін көрсетеді, яғни, музыкалық ырғақты сезінуі, есту қабілеті, дауыс мүмкіндігі және т.б. мүмкіндіктері өлшемдері бойынша бағаланады.

2–ші шығармашылық емтихан бойынша ең жоғарғы балл – 50 балл.

Бағалау критерийлері

Баллы	Талаптары
31-50	Мәтіні жатқа, эмоционалды, автордың ойын және стилін нақты жеткізу, тапсырмаларды мәнерлі, дұрыс орындау, әуен үзіндісінің ырғағын нақты соғып көрсету.
21-30	Мәтіні жатқа, нота мәтінінің 2-3 қатесі болуы мүмкін, эмоционалдығы орта деңгейде, музыкалық жадының тексеру кезінде тапсырманы жеткіліксіз дәрежеде орындауы, ырғақты сурет, әуен үзіндісінің ырғағының шамалы деңгейде болуы.
11-20	Мәтіні жатқа, бірақ эмоционалдығы жоқ және шығарманың стилі, музыкалық жадының тексеру

	кезінде тапсырманы орындауы, ырғақты сурет, әуен үзіндісінің ырғағын 50% орындау
0-10	Мәтіні толық жатқа білмеуі, эмоционалдығының болмауы, музыкалық жадының тексеру кезінде тапсырма, ырғақты сурет, әуен үзіндісінің ырғағын орындай алмау.

2 шығармашылық емтихан қорытындысы бойынша ең жоғары 50 балл композитордың идеясын нақты жеткізген және шығарманы эмоционалды жарқын, үзбей орындағаны үшін қойылады.